

“Әлеумет” вариативті компоненті
Ортаңғы тобына арналған перспективалық жоспары

№	Тақырыбы	Мақсат- міндеті	Мерзімі	Әдіс тәсілдері
1.	"Жиһаз дүкені" ойыны	Жиһаз дүкеніндегі жиһаз түрлерінің атауларын, қажеттерін пысықтау, сатушының қызметі жөнінде түсініктерін тиянақтау, дүкендегі сыпайылық ережелерін түсіндіру.	Қыркүйек	Суретті көрсету, кіріспе әңгімелесу, пантомима ойын-жаттығу
2.	"Шаштараз" ойыны	шаштараз мамандығы аясында ойын желісіне түсу іскерлігін қалыптастыру, қатынастарда қарапайым сұрақ қою, жауап беру үлгілерін игерту, шағын және топтық арақатынастарға түсе білу, ойын шартын, желісін ұстану дағдыларын қалыптастыру, ой-өрісін жетілдіру.	Қазан	Суретті көрсету, өздік ойын әрекеттері
3.	"Киімдер дүкені" ойыны	Балаларды сыпайылыққа, ұқыптылыққа, еңбекті құрметтеу негіздеріне тәрбиелеу.	Қараша	Аудиожазбаны тыңдау, ғажайып сәт, көркем сөз, суретті көрсету
4.	"Жанармай құю стансасы" ойыны	"Жанармай құю" ойынында ересек арқылы қарапайым қатынастарды атқару үлгілерін игерту, ойын шартын ұстану дағдыларын қалыптастыру, кеңістікті бағдарлау, ой-қиял қабілетін дамыту.	Желтоқсан	дамытушы жаттығу, тәжірибе жаттығуы
5.	"Бақшаны егеміз" ойыны	Көктемгі дала жұмыстары туралы түсіндіру, егінші мамандығы туралы жалпы мағлұмат беру, бақшаны егу жұмыстарына қажет құралдарымен таныстыру.	Қаңтар	іс-тәжірибе жаттығуы, өздік ойын әрекеттері.
6.	"Жол қозғалысы" ойыны	жол жүру ережелері туралы білімдерін кеңейту; жол жүру ережесінің жаяу жүргіншіге қатысты тараптарымен таныстыру; жүргізуші мен жаяу	Ақпан	Әңгімелесу, оқу қызметін пысықтау.

		жүргіншіге қатысты қауіпсіздік ережелерін сақтау дағдыларын меңгерту.		
7.	"Ас әзірлеу" ойын	"Ас әзірлеу" ойынында аспаз еңбегіне қатысты әрекеттерді игеруін қамтамасыз ету, қарым-қатынастар барысында өз орнын тауып, ойын желісін ұстану іскерлігін жетілдіру, қолдың ұсақ моторикасын, ақыл-ой қабілетін дамыту.	Наурыз	Сергіту сәті, іс-тәжірибе жаттығуы, қатынасқа түсу үлгілерін көрсету,
8.	"Техника дүкені" ойыны	"Техника дүкені" ойыны желісіне түсу іскерлігін қалыптастыру, қатынастарда қарапайым сұрақ қою, жауап беру үлгілерін игерту, ережелерді ұстану дағдыларын қалыптастыру, ой-өрісін, зейінді, жағымды эмоцияларды дамыту.	Сәуір	Бейнероликті көрсету, көркем сөз, ойын-жаттығу, сергіту сәті.
9.	"Жануарлар фермасы" ойыны	Балаларға жануарлар фермасы жөнінде мағлұматтар беру, жануарларды күтушінің еңбегімен таныстыру, үй жануарларының атауларын пысықтау, ойын ережелерін түсіндіру.	Мамыр	Суретті көрсету, көркем сөз, кіріспе әңгімелесу, ойын-жаттығу.